



Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен шыға
бастады

№38 (1820)
16 қазан
2021 жыл

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU_FARABI

Журналистермен жарқын жүздесу

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арнап баспасөз мәслихатын өткізді.



Журналистер алдымен қалашық аумағын аралап, күрделі жөндеуден өткізілген оқу ғимараттары мен жатақханаларда болып, мәдени-әлеуметтік нысандардың жұмысымен танысты.

Кездесу барысында білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев журналистер қауымына оқу орнының даму бағдарламасы, кампусты жаңғырту жоспары және атқарылған жұмыстар туралы баяндап, журналистердің сұрақтарына жауап берді.

БАҚ өкілдерінен келгендердің қатарында «Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры Шәмшидин Пәттеев, «Qazaqstan dauiri» газетінің бас редакторы Ертай Айғалиұлы, «Жас қазақ» газетінің бас редакторы Срайл Смайыл, «Заң газеті» басылымының бас редакторы Айнұр Сембаева, Қазақ радиосы Алматы бөлімшесінің редакторы Бақыт Жағыпарұлы т.б. журналистер бар. Олар қалашық ау-

мағын аралап, қызу жұмыстың күәсі болды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарихы тереңде, қалыптасқан дәстүрі бар, жетістігі мол еліміздегі көшбасшы жоғары оқу орны. Қазір университет құрамында 16 факультет, 68 кафедра, 8 ғылыми-зерттеу институты және 29 ғылыми орталық жұмыс істейді. Сонымен бірге Медициналық диагностикалық орталық, ӨЖолдасбеков атындағы Студенттер сарайы, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы, Ыстықкөлде спорттық-сауықтыру лагері бар. 140-

қа жуық ғылыми және оқу-зерттеу зертханасы іске қосылған.

Университет басшысы өз сөзінде жоғары оқу орнында оқытушыларды материалдық жағынан ынталандыруға ерекше көңіл бөлінетініне тоқталды. Мәселен, биыл жалақы екі рет көтерілді. Бірінші рет ақпанда 20 пайызға өссе, екінші мәрте Білім және ғылым министрлігінің нұсқауына сәйкес, 1 қыркүйектен бастап белгіленді. Қазір мұғалімнің ең төменгі жалақысы – 285 мың, аға оқытушыға – 312 мың, қауымдастырылған профессорға

– 389 мың, профессорға 500 мың теңге көлемінде белгіленді.

ҚазҰУ-да 650-ден астам білім беру бағдарламалары жұмыс істейді. Биыл ең өзекті әрі перспективалық бағыттар бойынша 100-ден астам жаңа оқу бағдарламасы іске қосылды. Олардың қатарына неврология, киберфизика, биологиялық инженерия, роботтық жүйелер, жаратылыстану мен инженерлік-техникалық бағыттағы табиғи және технологиялық тәуекелдер енді.

Жалғасы 2-бетте

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Ыстамбұлдағы Жеррахпаша (Cerrahpasa) университетінің ректоры Нури Айдын бастаған делегациямен кездесті. Әңгіме барысында медициналық кластер саласындағы ынтымақтастық бағыттары талқыланды.

ҚазҰУ-ға түрік делегациясы келді



ҚазҰУ басшылығы білім ордасына арнайы келген мәртебелі меймандарға ризашылық білдіре отырып, медицина саласындағы кадр даярлау тәжірибесімен бөлісті. Бүтінде білім ордасында 16 факультет бар, олардың қатарына Жеррахпаша университетінің медицина факультетімен бағыттал медицина және денсаулық сақтау факультеті де кіреді. Сонымен қатар ҚазҰУ базасында медициналық орталық табысты жұмыс істейді.

Кездесуде тараптар биомедицина саласындағы бірлескен ғылыми-инновациялық әзірлемелер келешегі жайлы пікір алмасып, студент, оқытушы және ғылыми қызметкерлердің академиялық ұтқырлығы бойынша ынтымақтастықты кеңейту, магистранттар мен докторанттарға арналған оқу бағдарламаларын бірлесіп әзірлеу мәселелерін кеңінен қарастырды.

Айта кету керек, ҚазҰУ Түркияның 40-тан астам жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық орнатқан. Олардың аясында жыл сайын студенттер, докторанттар мен ғылыми қызметкерлер тілдік, ғылыми тағылымдамадан өтеді. 2016 жылдан бастап гуманитарлық, әлеуметтік және жаратылыстану ғылымдары саласындағы бірлескен ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыру бойынша бірегей халықаралық алаң болып табылатын Ыстамбұл университеті жанындағы «Әл-Фараби» еуразиялық зерттеу орталығы жұмыс істейді.

Әйгерім ӘЛІМБЕК

IT саласында ынтымақтастық артады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Түрікменстанның төтенше және өкілетті елшісі Батыр Режеповпен кездесті.



Университет басшысы мәртебелі қонаққа құрмет көрсетіп, ҚазҰУ қызметіне қызығушылығы үшін ризашылығын білдіре отырып, дипломатиялық ұйымдар тарапынан қолдаудың маңыздылығын атап өтті.

Ректор жоғары білікті мамандарды даярлауға бағытталған білім беру сапасына тоқта-

лып, университетте ғылыми зерттеулерді коммерцияландыру бағыттары туралы айтты.

Өз кезегінде Түрікменстан елшісі Батыр Режепов ректор Жансейіт Түймебаевқа жылы қабылдағаны үшін ризашылығын білдірді. Кездесу барысын-

да екі елдің ғылыми және білім беру саласындағы бірқатар мәселелер талқыланды. Атап айтқанда, елші IT-технологиялар саласында жоғары білікті мамандарды даярлау мақсатында Түрікменстан мен Қазақстан Республикасының

жоғары оқу орындары арасында келісімге қол қою ниетін білдірді.

Елші сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың келер айдың соңына жоспарланған Түрікменстан Республикасына сапары аясында келісімдерге қол қою мүмкіндігі туралы айтып, ректордың ресми делегация құрамындағы жұмыс сапарына қолдау көрсететінін жеткізді.

Кездесу соңында ректор ынтымақтастықты дамытып, ортақ жобалар бойынша жұмысты бірлесіп ұйымдастыруға дайын екенін білдірді.


Гүл БАЯНДИНА



Шолпан ЗАБИХ:

Наши предки
стремились к свободе
и независимости

3



Медициналық
қалдықтардан
синтез газ алудың
айрықша әдісі

4



Биология
ғылымын
көркейткен
қайраткер

6

Великим достижением народа и богатством любого государства является независимость. Исторически 30 лет – это мгновение, но для народа – целая эпоха радостей и трудностей, кризисов и перемен, долгая и тернистая дорога к возрождению национальных ценностей, языка и культуры. Это путь к свободе и самостоятельности, о которой мечтали наши предки.

Если обратиться к истории, то можно убедиться в том, что тоталитарный режим искалечил миллионы судеб в годы лихолетья, когда под жернова репрессии попали совершенно безвинные люди, отстаивающие свои права на свободу и самоопределение. Только на территории Казахстана в 20-30 годы прошлого столетия произошло 372 народно-освободительных восстания, которые были жестоко подавлены действующим в то время политическим режимом. Жертвами насильственной депортации в Казахстан стали многие народы; в результате карательных акций со стороны государства и различных насильственных мер, в том числе про-

30-летия независимости Республики Казахстан, оказывает всестороннюю поддержку ученым нашего университета, входящих в состав Государственной комиссии.

К сожалению, не полностью обнаружены в архивах и не возвращены имена многих участников таких крупных народно-освободительных восстаний, как Батпакаринское, Сарысу-созакское, Мангышлакское восстание, Тахта-Купырское, Балкаш-Шокпарское, Кармакшинское и других. Поэтому нами ведется скрупулезная работа по изучению архивных документов и следственных дел, хранящихся в специальном архиве Департамента полиции города Алматы, Цен-



Шолпан ЗАБИХ, доктор юридических наук кафедра гражданского права и гражданского процесса, трудового права КазНУ им. Аль-Фараби:

Наши предки стремились к свободе и независимости

ведения коллективизации, и голода многие жители вынуждены были бежать за границу. За свободолюбивые идеи и независимость пострадали алашординцы и их родственники. Следует помнить и о тех жертвах режима, которые находились в 26 лагерях ГУЛАГа НКВД, а членов их семей преследовали как изменников Родины. Поэтому еще много «белых пятен» в истории, а многих участников народно-освободительных восстаний, а также тех, кто отдал жизнь за идеи независимости страны, до сих пор полностью не выявлены и пылятся в архивах страны и зарубежия.

Прошли десятилетия, но эта черная страница истории навсегда останется незаживающей раной. Поэтому в соответствии с Указом Президента Республики Казахстан К.Токаева от 24 ноября 2020 года №456 «О Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий», под председательством Государственного секретаря Республики Казахстан К.Кусшербаева, была образована Государственная комиссия по полной реабилитации жертв политических репрессий, основной задачей которой является юридическая и политическая реабилитация жертв политических репрессий. В состав данной Государственной комиссии вошли видные ученые Казахстана, в том числе КазНУ им. Аль-Фараби.

Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби, доктор филологических наук, профессор Жансейит Канышев, отмечая важность данного проекта на государственном уровне, и его актуальность в преддверии

тральном государственном архиве города Алматы, ГУ «Архив Президента Республики Казахстан».

Известно, что антисоветское восстание казахов рода адай вспыхнуло на Мангышлаке в 1929-1932гг. и его причиной было всеобщее обнищание казахов аулов, непосильные налоги, массовые перегибы в проведении коллективизации, «ликвидация баев и полупфеодалов», погромы религиозных чувств народа, массовый падеж скота 1929 года и последовавший за ним голод. В географическом плане данное восстание охватывало территорию на тысячу с лишним километров с севера на юг, от города Актюбинска до границы Туркменистана, и с запада на восток от берегов Каспийского моря до Аральского моря.

После подавления Адаевского восстания многие его участники скрылись в Туркмении, Каракалпакстане, Таджикистане, Иране и Афганистане. Органы ОГПУ подвергли суду участников восстания, многие из них были приговорены к различным годам заключения, а также к высшей мере наказания. Но некоторым участникам этого восстания удалось бежать за границу. Всего по Адаевскому восстанию 1931 года были привлечены 740 человек, из них арестованы 559 участников. Все они были осуждены как «враги народа», приговорены к разным мерам наказания – от высшей до ссылки в далекие от родного края суровые места. Более 130 человек приговорены к высшей мере наказания – смертной казни, десятки людей – к 25-и и 20-и годам лагерей, около 150 человек – к 10-и годам лагерей, остальные получили по 8, 6, 3, 2 года заключения и высылки.

В рамках изучения материалов Адаевского восстания, следственное дело которого состоит из 12 томов по «Контрреволюционной организации баев, торговцев, бывших служащих царского правительства и Совработников», 70 человек привлечены по статьям 58-2 (контрреволюционное движение) и 59 (бандитизм) Уголовного кодекса РСФСР. В настоящее время нами подготовлен список из 85 фамилий участников этого восстания, по которым ведется тщательное изучение протоколов допроса, постановления, обвинительные заключения по делу контрреволюционной организации баев торговцев, бывших служащих царского Правительства и совработников бывшего Адаевского округа и иные документы.

Изучаются документы по «Батпакаринскому восстанию», которое вспыхнуло в ноябре 1929 года в Батпакаринском районе и некоторых аулах Наурызумского и Тургайского районов Кустанайского округа по причине повсеместной конфискации имущества. Особенность изучения материалов по данному восстанию состоит в том, что необоснованные гонения родных и близких участников восстания сопровождалась гонениями родных и близких алашординцев А.Байтурсынова, М.Дулатова, М.Есболова, руководителя национально-освободительного движения 1916 года А.Жанбосынова. В целом на основании статьи 58 УПК РСФСР арестованы 50 человек с наложением ярлыков «националист», «контрреволюционер», «алашординец» и др. Ведется работа по изучению документов в отношении 200 участников Батпакаринского восстания и выяв-

лению не реабилитированных лиц.

Также изучаются архивные документы по «Шыңғыстау көтерілісі», которое произошло в феврале 1931 года в ВКО (ныне район Абай) с охватом около 200 человек. Организатором и идейным руководителем восстания был бывший Шыңғыстауский бай и волостной управитель Молдабаев Мусатай, осужденный в январе 1931 года Нарсудом Шыңғыстауского района по ст. 58-7 УК РСФСР на 5 лет высылки из указанного района в город Казалинск. Такая же судьба ожидала его сына – Молдабаева Манапа. Вооруженным восстанием также возглавляли Медеуов Санияз и Торайғыров Емильжан.

В настоящее время уточняются архивные документы в отношении 189 человек, которые были арестованы в ходе этого восстания. Проводится работа по сбору сведений, то есть выясняем: кто из этих людей был осужден и на какой срок, а также какие меры наказания были применены к ним. Изучаются дела в отношении 47 человек, которые были приговорены к высшей мере наказания и расстреляны, 105 человек отправлены в трудовые лагеря и 13 человек были переселены в другие регионы Казахстана.

В числе крупных народно-освободительных восстаний – это «Сарысу-созакское восстание», которое произошло в Сарыуском районе Жамбылской области и Созакском районе ЮКО с 1928 по 1930 годы. Причины возникновения данного восстания аналогичные – недовольство политической властью, направленной на конфискацию имущества у известных в Сарыуском районе людей. Главным поводом для

выступления народа стало применение властями в 1930 году штрафных санкций против тех, кто совершал религиозные обряды в священный для мусульман месяц Рамазан. Участниками этих событий были выдвинуты лозунги, направленные на свержение Советской власти, поэтому только в районе Сузака погибло около 400 восставших и более 200 попало в плен, более 152 человека были отправлены в исправительно-трудовые лагеря, сроком от 3-х до 10-ти лет; 21 человек был выслан в Сибирь и 10 участников восстаний переселены в другие регионы казахской степи. Во время исследовательских работ стараемся найти тех участников восстаний, которые остались не реабилитированы.

В своей исследовательской работе мы делаем акцент на Алматинскую область. Весной 1930 года в Каратальском районе вспыхнуло народное восстание, направленное против насильственной политики коллективизации. В Казахском крае коллективизацию предполагалось завершить весной 1932 года (за исключением кочевых и полукочевых районов). Если в 1928 году в Казахстане было коллективизировано 2% всех хозяйств, то к началу осени 1931 года в республике насчитывалось 78 районов (из 122), где коллективизацией было охвачено от 70 до 100% дворов.

Нами выявлен ряд участников восстания по Алматы, которые до сих пор не реабилитированы. Они проживали на территории нынешней Алматинской области. Заседанием «Тройки» при ШП ОГПУ были осуждены по 58-2, 58-10, 59-3 УК РСФСР. Судьбы людей очень сложные и искалечены действующей на тот период системой, а их родные и близкие, а также потомки пострадали не менее. Среди обнаруженных в архивных документах фамилий есть и те лица, которые были объявлены в розыск. Предварительная статистика показывает, что большинство участников были осуждены органами внесудебной расправы (25% дел приходится на лиц, осужденных судебными органами, и 75% – на внесудебные органы). Некоторые участники восстания были осуждены высшей мерой наказания, а также большинство лиц – к 5, 10 годам заключения в концлагере с конфискацией имущества.

Сложность изучения архивных документов состоит не только в том, что они, пожелтевшие от времени, стали мало пригодными для чтения, а и в том, что сохранилась не полная информация о тех или иных участниках восстаний либо она просто «разбросана» по другим следственным делам. Сложно восстановить связь событий и создать общую историческую картину, и нам еще предстоит много работы по восстановлению исторического прошлого.

Наши предки, стремясь к свободе и независимости, олицетворяли пример необычайного мужества, кристальной чистоты дел и помыслов, безграничной любви к Родине. Путь к свободе и независимости был тернистым. Поэтому мы уверены, что на небосклоне независимого Казахстана появятся новые имена великих сынов, которые по достоинству будут возвращены народу.

Подготовил
К.ТУРЕЖАНОВ

Күн сайын әлемде әрбір аурухана төсегінен 0,5 келі биомедициналық қалдық бөлінеді. Ал Қазақстан бойынша жылына 18 мың тонна БМҚ шығарылады. Қазіргі таңда әсіресе коронавирус пандемиясынан кейін мұндай қалдықтарды утилизациялаудың маңызы арта түсті. Өйткені инфекцияланған және улылығы жоғары БМҚ көлемі көбейе түскен сайын, адам денсаулығына қауіп төндіріп отыр. Эксперименттік және теориялық физика ғылыми-зерттеу институтының термофизика және техникалық физика бөлімінің меңгерушісі Александр Устименко осы проблеманы шешудің инновациялық әдісін ұсынып отыр.

жалғыз жолы – өртеу. Оған арналған үш түрлі құрылғы бар: ауаның стехиометриялық немесе шамадан тыс көлемінде және айналып тұратын пештерде жағу. Дегенмен бұл әдістердің барлығына тән бір кемшілік – диоксин, фуран, бенз(а)пирен секілді өте улы химиялық байланыстар түзуінде болып тұр, – дейді А.Устименко.

Санитарлық-гигиеналық

телмегендіктен, оның құрамы өте күрделі әрі идентификациялауға келмейді. Бұл осы мәселе төңірегіндегі проблемалардың қаншалықты өзекті екенін дәлелдей түскендей.

– Демек, іріктелмеген қалдықтарды өңдеу кезінде дезинфекциялап, зарарсыздандыруға барынша қауқарлы әмбебап әдісті таңдау маңызды. Ал биомедициналық қалдықтарды плаз-

химиялық реактордағы температура 2000 кельвинге дейін жетеді.

– Плазмалық өңдеу технологиясы биомедициналық қалдықтарды футерленген плазмохимиялық реакторға беру арқылы плазмалық алауды плазмотронмен генерациялайды. Нәтижесінде қалдықтардан ұйтты емес газдар мен минералды қалдық түзіліп, плазмалық алауда

Медициналық қалдықтардан синтез газ алудың айрықша әдісі

Ғалым плазмотронның көмегімен биомедициналық қалдықтарды синтез газға айналдыру жобасын жүзеге асырып келеді. Биомедициналық (БМҚ) қалдықтар дегеніміз – инфекцияланған материалдардан құралған қалдықтар. Құрамында экологиялық қауіпті организмдер мен биомолекулалар кездесетін зертхана қалдықтары да осы қатарда. Плазмотрон оттегі жеткіліксіз болса да жұмыс істейді. Яғни температураны көтеру үшін бензин, газ немесе мазут жағу қажет емес. А.Устименконың айтуынша, газдандыру процесінде қыздырылған ауа агент ретінде пайдаланылады.

– Нәтижесінде синтез газ аламыз. Оны электроэнергия өндіру үшін және көптеген химиялық процестерге қолдануға болады. Біз үшін қалдықтарды өңдеу технологиясының өзі жаңа сала. Сондықтан ондағы әрбір процеске ерекше көзқараспен қарау қажет. Қоқыс өңдеуге қатысты бағдарлама аясында барлық қалдық түрлерінің газдандыру процесіне бақылау жүргіздік. Электр стансаларының қалдығы, яғни күл үйінділерінен бастап, ауыл шаруашылығы, ағаш өнеркәсібі және биомедициналық қалдықтарға дейін – барлығы ешқандай қалдықсыз газдандыруға болатынына көз жеткіздік. Әрине, одан қалған минералды қалдықтың көлемі көмірмен салыстырғанда әлдеқайда төмен, – дейді ол.

Дүниежүзі бойынша биомедициналық қалдықтарды жоятын плазмалық технология мен плазмохимиялық реактордың баламасы жоқ және патент арқылы қорғалған. Одан бөлек, күрделі заттарды плазмада ыдырату өте тиімді. Өйткені оттегі болмағандықтан, биомедициналық қалдықтар газдарға айналып, пиролиз процесі жүреді. Ал жағу кезінде бұл үрдістер жүзеге аспайды. ҚазҰУ ғалымдары жобаны бірнеше шетелдік мамандармен бірлесіп жүзеге асырды.

– Біз алғаш рет Белоруссияның А.В.Лыков атындағы Жылу және масса алмасу институтымен (ИТМО) бірге жұмыс істедік. Новосібірдегі С.С.Кутателадзе атындағы Термофизика институтымен де бірнеше жобаларды жүзеге асырдық. Сонымен бірге Н.Э.Бауман атындағы Мәскеу мемлекеттік техникалық университетінің (МГТУ) термодинамикалық модельдеу технологиясын жоба барысында пайдаландық.

Бастапқыда біздің басты бағытымыз көмірге тікелей байланысты болды. Мәселен, плазмалық жанармай жүйелері, ал оған дейін көмірді газдандыру негізгі тақырыбымыз болды. Жылу және масса алмасу институтының профессоры А.Л.Моссэ де плазманы пиролиз және газдандыру процестерінде пайдаланып жүр. Осы профессормен бірге негізден жаңа бағытты игермеске деген ойға келдік. Негізінде, профессор Моссэ – энергетикаға қарағанда радиациялық немесе сұйық қалдықтарды өңдеу саласына бейімделген ғалым. Сондықтан жаңа дүние жасап шығуды көздедік. Нәтижесінде плазмотрон мен реактордың көмегі арқылы қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдеуді қолға алдық, – дейді А.Устименко.

Тұрмыстық қалдықтармен салыстырғанда биомедициналық қалдықтар қауіпті класқа жатады. Олардың қатарында COVID-19 инфекциясымен ауырған пациенттерді емдеу барысында қолданылған медициналық маска, қолғап, қорғаныс киімі, бахила, емдеу және вакцинациялау құралдары мен бинттер және т.б. бар. Сонымен бірге медициналық мақсатта қолданылған материалдар, қатерлі микробиологиялық культуралар, хирургиялық жолмен кесіп алынған дене мүшелері және инфекцияланған басқа да медициналық материалдар, зертханалық қалдықтар мен пайдаланылған ине, скальпель, ланцет секілді құралдар да биомедициналық қалдықтар деп есептеледі.

Аурухана, емхана, қарттар үйі, жедел жәрдем қызметі, мәйітханалар мен жерлеу бюролары осы биомедициналық қалдықтар шығаратын мекемелерге жатады.

– Бұлар радиоактивті, химиялық, өндірістік және әмбебап қалдық түрлерімен салыстырғанда қауіптірек деуге болады. Өйткені олар инфекциялық аурулардың тез таралуына себепкер болуы мүмкін. Қазіргі таңда әлем бойынша оны утилизациялаудың



Биомедициналық қалдықтар радиоактивті, химиялық, өндірістік және әмбебап қалдық түрлерімен салыстырғанда қауіптірек деуге болады. Өйткені олар инфекциялық аурулардың тез таралуына себепкер болуы мүмкін.

зерттеулерге сүйенсек, химиялық қалдықтарға қарағанда медициналық қоқыстың қоршаған ортаға келтіретін зияны орасан зор. Ал біздің елімізде әзірге басқа да ТМД елдері секілді бұл мәселеге жеткілікті көңіл бөлмей отыр. Өйткені оның көлемі өндірістік және тұрмыстық қалдықтармен салыстырғанда едәуір аз. Ал бұған дейін мұндай қоқыс түрлері ірік-

малық жолмен жою жоғарыда айтып өткен талаптардың барлығына сай келеді. Температурасы 5000 кельвинге жоғары электрдоғалық плазма органикалық және бейорганикалық қосылыстардың бұзылу процесінің қарқынын арттыру арқылы ыдыратады. Аталмыш технология адам өміріне қауіпті саналатын осы бір қоқыс түрлерін жылудың көмегімен зарарсыздандыруға және диоксин мен фуран секілді қосылыстардың түзілуіне жол бермейді. Нәтижесінде газ тәрізді және конденсацияланған ұйтты емес өнім алуға болады. Сонымен бірге көп мөлшердегі бейорганикалық заттар мен іріктелмеген биомедициналық қалдықтарды өңдеуге көмектеседі. Әрі плазмохимиялық реактор көлемі шағын болғандықтан, жұмсалатын энергия мөлшері де аз болады, – дейді ғалым.


Оның айтуынша, жағумен, тіпті интенсивті газдинамикалық режиммен салыстырғанда плазмалық утилизация технологиясының ұтымды тұстары көбірек. Мысалы, өндірістік қуатты сақтай отырып, реактор көлемін 6-8 есеге кішірейтуге болады. Демек, оған қажетті өндірістік мекеменің де аумағы қысқарып, плаз-

малық жолмен жою жоғарыда айтып өткен талаптардың барлығына сай келеді. Температурасы 5000 кельвинге жоғары электрдоғалық плазма органикалық және бейорганикалық қосылыстардың бұзылу процесінің қарқынын арттыру арқылы ыдыратады. Аталмыш технология адам өміріне қауіпті саналатын осы бір қоқыс түрлерін жылудың көмегімен зарарсыздандыруға және диоксин мен фуран секілді қосылыстардың түзілуіне жол бермейді. Нәтижесінде газ тәрізді және конденсацияланған ұйтты емес өнім алуға болады. Сонымен бірге көп мөлшердегі бейорганикалық заттар мен іріктелмеген биомедициналық қалдықтарды өңдеуге көмектеседі. Әрі плазмохимиялық реактор көлемі шағын болғандықтан, жұмсалатын энергия мөлшері де аз болады, – дейді ғалым.

Сайып келгенде, COVID-19 індетін жеңу үшін биомедициналық қалдықтарды өңдеудің жаңа әдістерін қолға алу қажет. Өйткені мұндай қалдықтарды жаққаннан кейін улы қатты қалдықтар топырақ арқылы жерасты суларына түсуі мүмкін. Сондай-ақ пластикті жағу кезінде атмосфералық ауаға улы газдар бөлінеді. Олар адам мен жануарларға кері әсер етіп, денсаулыққа орасан зор зиян келтіреді. Онкологиялық аурулар, тыныс алу және жүрек-қан тамыры жүйесі ауруларының туындауына себепкер болуы мүмкін. Өздеріңіз білетіндей, қалдықтарды жағу жердің азот қабатының бұзылуына әсер етіп қана қоймай, климаттың өзгеруін күшейтеді. Мұндай ауада үнемі токсиндер мен химиялық заттардың болуы тіпті кейбір өсімдік түрлерінің жойылуына әкелуі де ғажап емес. Бұл мәселелерді шешуге және биомедициналық қалдықтарды экологиялық таза түрде жоюға плазмалық пиролиз және газдандыру процесі мүмкіндік береді.

– Жыл сайын әлемде шамамен 30 млн тонна осындай медициналық қалдықтар түзіледі. Атап айтқанда, Ресейде – 100 мың, ал Қазақстанда 18 мың тоннадан асып жығылады. Өкінішке қарай, іс жүзінде COVID-19 пандемиясына қарсы әрекет нәтижесінде пайда болған қалдықтар дұрыс өңделмейді. Кейбір жерлерде тіпті өңдеу туралы сөз де болмайды. Сол себепті оны жою мәселесі Қазақстан үшін ғана емес, әлемде де үлкен маңызға ие, – дейді А.Устименко.

Пациенттерді COVID-19 вирусынан емдеу мақсатында жүргізілген медициналық іс-шаралардың әсерінен түзілген қалдықтар да назар аударуды талап етіп отыр. Демек, жоғарыда айтылған мәселелерді ескере келе, биомедициналық қалдықтарды плазмалық утилизациялау технологиясын қолдану қажеттілігі ұлттық және халықаралық ауқымда өте өзекті және маңызды деуге болады.



Ұлы ойшыл әл-Фараби есімін иеленген университетте болып жатқан әр алуан жаңалық тек университет ұжымын ғана емес, республика жұртшылығын да елеңдетері анық. Өйткені Әл-Фараби университеті қазақ білімінің қарашаңырағы ғана емес, бүгінгі таңдағы білім мен ғылым саласындағы қазақ бренді де. Ұлы ғұлама әл-Фараби есімі тек ҚазҰУ-дың ғана емес, еліміздің имиджін әлемдік деңгейге көтеруге ықпал ететін аса құнды рәміздік капитал санатында екені тағы бар. Қазіргі таңда университет ғалымдары еңбегінің тек қазақ көгінде ғана емес, әлемдік деңгейде таныла бастауының маңыздылығы арта түсуде. Бұл туралы жақында өткен гуманитарлық ғылым саласындағы ғалымдармен кездесуінде университет ректоры Жансейіт Түймебаев мырза ерекше атап өтті.

Жаңа талап – басты бағдар



ғалап, насихаттап, мол тиражбен көрсете білудің маңыздылығы мен ғылыми жағынан маңызды саналған зерттеулерді қайта бастыру ісінің де қолға алынатыны қуантты.

Жансейіт Қансейітұлы оқу пәндеріне қатысты білім бағдарламаларының ескіргенін де алға тартып, оқытудың сапасына ерекше назар аударылатынын атап көрсетті. Оқыту сапалы болу үшін студентке ұсынылатын оқулық қана емес, оқытушы-ұстаздың да білім деңгейінің жоғары болуының, дәрістің жаңа технология жетістіктерімен жетілдіріле өтуінің маңызды екенін жақсы ескертті. Осы ретте әртүрлі себеппен өзге ЖОО-ға кеткен, ғылымда үлкен орны бар ірі ғалымдардың университетке қайта оралып жатқанын да айту орынды. Сондай-ақ университет оқу ісіне пайдалану үшін компьютерлер мен басқа да құрылғылар алып жатқаны айтылды. Бұл да біз үшін қуанышты жайт. Өйткені кафедралардағы саны бар да, сапасы жоқ (сапа түгіл, басуға жарамсыз көп компьютер туралы айтпасақ та болады) техникалық құралдардың күні өткен-ді.

ҚазҰУ болашақта зерттеу университеті болуға ұмтылады. Зерттеу университетіне қойылатын биік талапқа сай болу үшін атқарылатын жұмыстар да аталды. Білім беру бағдарламаларын жаңарту жолдары бойынша ойға келген бір ұсыныс – қазіргі бағдарламаларды (силлабус) жазуда ұсынылатын әдебиеттер тек соңғы бес жылдағы еңбектер болсын

деген талап бар. Шындап келгенде, ғылымның дамуы бес жылмен бағаланбасы анық. Студенттерге кейде қазіргі оқытушы шығарған оқу құралынан гөрі А.Байтұрсынұлы мен Ә.Бөкейханов, Ә.Марғұлан, З.Қабдолов, М.Томанов, С.Мырзабеков, Х.Қаримов, С.Исаев, М.Оразов, Ә.Қайдаров еңбектерін оқытудың мәні мен маңызы артығырақ. Сондықтан әдебиеттің сапасы мен құнын шыққан жылмен есептеуге болмайды. Силлабус демекші, бізде мұны жыл сайын, тіпті кейде бір жылда екі рет алмастыру орын алатыны рас. Силлабус, бағдарлама жазуды үш жылға арнап жасау – білім беру ісінің жүйелілігі мен орнықтылығын қамтамасыз етер еді.

Қазақ тіл білімі кафедрасы – ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қашаннан республикадағы жетекші кафедра. Қазақтың ірі ғалымдары қалыптастырған кафедраның өзіндік дәстүрі мен жолы бар. Қазіргі таңда кафедра біраздан бері көңіл бөлінбей, ұмытылып бара жатқан ғылыми-әдістемелік семинарды республикалық деңгейде қайта жандандыра бастады. Кафедра ғалымдарының дәрістері Facebook, Youtube желілері арқылы таратылуда. Көшбасшы дәрісі ұйымдастырылып, оған әлемдік деңгейдегі ірі түркітанушы ғалымдарды тартып, дәріс оқыту көзделуде, АҚШ, Еуропа, Түркия ғалымдары бүгінде Zoom платформасы арқылы дәріс оқуға келісім берді.

Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында кафедрамызда біраз іс-шаралар қолға алынды. Қазақ тіл білімі кафедрасы Қазақстан халқының тілдері күніне орай, Тілдер фестивалін ұйымдастырды. Факультеттерде танымдық көшбасшылық дәрістер, танымдық кештер, дөңгелек үстелдер өткізілді. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұвтың өмірі мен шығармашылығына арналған «Ұлы даланың ұлтаралық тілі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді. Конференция жұмысына мәжіліс депутаттары, ғалымдар мен белгілі қоғам қайраткерлері, оқытушылар және студенттер қатысты.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филология факультеті Қазақ тіл білімі кафедрасының ұйымдастыруымен «Ұлы дала құндылықтары: тәуелсіздік және тіл» атты халықаралық конференция, қазақ тілі пәнінен «Қазақ тілде сөйле әлемді таң қылып, Қазақстан – тәуелсіз ел мәңгілік» атты республикалық олимпиада ұйымдастырылмақ. Ондағы мақсат – еліміздің жоғары оқу орындарындағы өзге ұлт студенттерінің мемлекеттік тілді білумен қатар, халқымыздың мәдениеті мен тарихын, салт-дәстүрін, ұлттық болмысын тану деңгейін көтеру және мемлекеттік тілдің мәртебесін нығайту.

Талап – жаңа, бағдар – бар. Осы бағдарға сәйкес, сапалы білім беру ісінің, классикалық үлгідегі ғылымды жаңғыртудың қолға алынғаны қуантады.

А.САЛҚЫНБАЙ,
ф.ғ.д., профессор, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі

Ғалымдар назар аударуы тиіс бағыттар белгіленді

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі жаңа оқу жылы түбегейлі өзгерістермен басталды. Ең бастысы, ешқандай сала назардан тыс қалған жоқ. Үш оқу корпусында күрделі жөндеу аяқталып, студенттер жатақханаларында жөндеу жүргізілді. Сондай-ақ ҚазҰУ кітапхана қоры сирек кездесетін кітаптармен толықса, профессор-оқытушылар құрамына әлеуметтік қолдау көрсетіліп, жалақы мөлшері көбейді. Осындай игі істердің барлығы университеттегі жаңа басшылықтың бастама көтеруі себепті жүзеге асырылып отыр.



Тағы бір айта кетерлігі, Ж.Түймебаев университет ректоры болып тағайындалғалы әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарға ерекше көңіл бөліп келеді. Бұл орынды әрі объективті. Өйткені елімізге құқықтық және адамгершілік мәдениеті жоғары, құқықтық санасы жетілген жаңа кадрлар қажет.

Біздің университет бүкіл әлемге, ең алдымен гуманитарлық бағыттағы жоғары оқу орны ретінде танымал. Мұнда алыс шетелдерге белгілі ғылыми мектептер жұмыс істейді. Жансейіт Қансейітұлы әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы факультеттердің профессор-оқытушылар құрамымен және жас ғалымдарымен кездесуінде саладағы көптеген жетістіктерімізді сөз етті. Жынында ғалымдар ерекше назар аударуы тиіс негізгі бағыттар белгіленді. Ректор ҚазҰУ-дың еліміздің флагманы және үздік жоғары оқу орны екенін атап өтті. Университет жеткен осы жетістіктерді әрі қарай жетілдіру ұжым алдындағы ең басты мақсат. Сонымен бірге ғылыми зерттеулерді практикаға енгізуге ерекше назар аударылуы тиіс.

Заң факультетінің оқытушы-профессорлар құрамы нағыз кәсіби мамандардан құралған. Бұлай деуіміздің бір себебі – 2020-21 жылдары факультетіміз мемлекеттік сатып алу келісімшарты негізінде нормативтік-құ-

қықтық актілерге жемқорлыққа қарсы ғылыми экспертиза жасады. Келісімшарттың жалпы құны 1,2 млрд теңгеге жуық. Алдағы жылы бұл жұмыс өз жалғасын табады. Нәтижесінде 2021-22 жылдарға арналған келісім құны 11 ай үшін 1,8 миллиардқа жуық теңгеге жетіп отыр.

Заң факультетінде бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейінде, «Құқық» бағытындағы барлық мамандықтар бойынша білім беріледі. Оның ішінде «Юриспруденция», «Құқық қорғау органдары мен «Кеден ісі» де бар. Қазіргі таңда факультетте жеті ғылыми орталық жұмыс істейді. Ал түлектеріміз мемлекеттік мекемелер мен құқық қорғау жүйесінде, мемлекеттік емес сектор мен азаматтық қоғамда жоғары сұранысқа ие. Демек, университет жетістіктеріне заң факультетінің қосқан үлесі орасан зор.

ҚазҰУ ректоры Жансейіт Қансейітұлы болашақ мамандарымыз, яғни түлектердің гуманитарлық тәрбиесіне ерекше назар аударды. Ал бұл процесте әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы білім аса қажет.

Дәулет БАЙДЕЛДІНОВ,
з.ғ.д., профессор,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң факультетінің деканы



Халқымыз «Ғылым – теңіз, білім – қайық, білім іздеген өсер» дейді. Біз физиология ғылымын жан-жақты жетік білетін, ұзақ жылдар бойы студенттерге дәріс оқып, олардың талайын білімді ғалым етіп шығара білген, өзінің ғылыми мектебі бар, биология ғылымының докторы, профессор Қабдрахман Дүйсембіұлы туралы айтқымыз келеді.

Биология ғылымын көркейткен қайраткер



«Білімге құмарлық – атадан» деп дана адам айтса керек. Қабдрахман Дүйсембіұлы бесінші сыныптан бастап басқа ауылға барып оқуын жалғастыруға мәжбүр болды. Әкесі Дүйсембі: «Балам, азамат болып, оқуыңды жалғастыруға бара жатырсың. Қазақ «Байлықтың кілті – ғылым» деген. Ендеше сен сол байлықты жинауға бара жатырсың. Адамның жүрген жолының бәрі білім, тек соны айыра білу керек», – деп, баласын Тобылжан ауылына апарып, танысының үйіне орналастырды. «Менің оқуға құштарлығым әкемнің сол сөздерінен басталса керек», – дейді Қабекең балалық шағын есіне алғанда.

Оның оқуға бейімділігін, ын-тасын сезген майдангер мұғалім Бейсен Ахметұлы оқуды жақсы оқығандардың арасында оның да атын атап, 9-сыныпты бітірген балаларға білімдерін жалғастыру үшін Павлодардағы педагогикалық училищеге баруға кеңес береді. Сөйтіп, Қабекеңнің педагогтік дара жолы басталады. Педучилищені бітірген соң, 1948 жылдың тамыз айында Алматыға, С.М.Киров атындағы еліміздегі жалғыз университетке жол тартады. Сол кездегі универ-

ситет ректоры Т.Тәжібаевтың қабылдауында болып, ақыл-кеңесін сұрайды. Т.Тәжібаев: «Биология факультетіне қалай қарайсың? Биологияға қазір көп мән берілуде. Қазақстанда да өз Мичуриндері, Сеченовтары мен Павловтары болуы керек қой», – деп жөн сілтейді. Осылайша ол биология-топырақтану факультетіне документтерін тапсырып, білімін жалғастырады.

1953 жылы университеттен «адам мен жануарлар физиологиясы» мамандығын алып,

Қабекең сол жылы Кеңес Одағындағы аты әлемге әйгілі Ленинград қаласындағы И.П.Павлов атындағы Физиология ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасына түсіп, оқуды жалғастырады. Онда дүниежүзіне

миясының Физиология ғылыми-зерттеу институтына кіші ғылыми қызметкер болып орналасады. 1964-65 жылдары бірінші болып биені аппаратпен сауу технологиясы мәселесін көтерді. Ойын іске асырып, нәти-

Украина мен Қырғызстанда келісімшарт бойынша қызмет етіп жүр.

Қ.Дүйсембіұлының жетекшілігімен 30 адам кандидаттық және докторлық диссертация қорғады. Мұның бәрі ағамыздың ғылыми еңбектерінің нәтижесі.

Академик Қ.Дүйсембіұлының ғылыми бастан шыққан 240 еңбегі бар. Оның ішінде бес монография, қазақ тілінде жазылған үш оқулық және бірнеше оқу құралдарын атап өтуге болады.

Қ.Дүйсембіұлының ғылыми-педагогикалық еңбегі жоғары бағаланып, ол ҚР ҰҒА академигі, Қазақстанның профилактикалық медицина академиясының толық мүшесі және Халықаралық интегративті антропология академиясының академигі, Қырғызстан Республикасы Ұлттық академиясының Биотехнология институтында және Медицина академиясының докторлық диссертация кеңестерінің мүшесі (2003-2016 жж.), ҚР ҰҒА-ның Адам және жануарлар физиологиясы институтының құрметті директоры (2007-2016 жж.), Павлодар облысы Успен ауданының құрметті азаматы (2011 ж.) болып сайланды.

Қабекеңнің зайыбы, жан досы Зайра Мағауияқызы – профессор, халық ағарту ісінің үздігі. Бүгінде Қабдрахман Дүйсембіұлы өзінің 90 жылдығын тату отбасы, достары, шәкірттері, оқушылары мен әріптестерінің жанында қарсы алып отыр. Аса құрметті және қадірлі Қабдрахман Дүйсембіұлы, мерейтойыңыз құтты болсын!

Сұлтан ТӨЛЕУХАНОВ,
Биофизика, биомедицина және
нейроғылым кафедрасының
профессоры, б.ғ.д.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Қазақ университеті» баспа үйі» баспаханасынан белгілі режиссер, драматург, университет түлегі, тарихшы, Қазақстанның халық әртісі, «Құрмет» орденінің иегері Ерсайын Төлеубайдың үш томдық шығармалар жинағы жарыққа шықты.

Тарихшы еңбегі жарық көрді



Театр, кино саласында қазақ халқының өткен өмірінен сыр шертетін құнды тарихи шығармаларды қамтитын кітаптың тұсаукесері танымал ақын-жазушылар, тарихшы ғалымдар, өнер қайраткерлерінің, кино, театр сандақтарының қатысуымен ҚР Ұлттық кітапханасында өтті. Автор бұл туындыларында сахна кейіпкерлері өміріндегі әртүрлі кезеңдердегі тарихи оқиғаларға табан тірей отырып, олардың жан әлемін ашты.

Кітаптың бірінші томында Ерсайын Төлеубайдың өнер жолындағы өмір өткелдері мен аға буыннан алған тәлімдері, автордың замандастары туралы естеліктері, өмірден түйген ойлары мен шығармашылық ізденістері, мерзімді баслымдарда жарияланған мақалалары топтастырылған. Өнер саласында есімдері қалған ұлт тұлғаларымен қатар, шығармашылық ортада үзегілес болып бірге жүрген белгілі өнер қайраткерлерінің образдық суреттері қызықты баяндалады.

Екінші томында белгілі режиссер, драматургтің еліміздің 20-ға жуық қазақ театрлары сахнасын-

да қойылған тарихи драмалары мен комедиялары және балаларға арналған пьесалары жарияланған. Мұндағы пьесалардың дені азаттық үшін күрескен Алашорда қайраткерлерінің бастамаларына, қазақ ұлтының бастан кешкен тарихи оқиғаларына бағытталған. Бұл жинаққа автор тарихшы драматург ретінде Қазақ елінің сонау сақтар заманынан бастап, бүгінгі уақыт аралығындағы өткен тарихына негізделіп жазылған өзінің сахналанған шығармаларын кіргізген. Соның ішінде бізге белгісіздеу болып келген ұлт тұлғаларының өткен өмірі шығарма желісіне арқау болғаны, тарих пен театр өнерін қабастыруы драматургияға жаңа тыныс бергендей. Бұл еңбектер еліміздегі театр, кино саласында құнды тарихи шығармалар болып есептеледі.

Кітаптың тұсаукесеріне жиналған зиялы қауым өкілдері Ерсайын Төлеубайдың тарихи драматургиялық, сахна өнерін зерттеу кітаптары туралы өз пікірлерін айтып, бағаларын берді.

Қайыржан ТӨРЕЖАНОВ

белгілі Л.А.Орбели, К.М.Быков, Е.М.Крепс, П.К.Анохин сынды ұлы ғалымдардан дәріс алды.

И.П.Павловтың зертханасы Колтуши деп аталатын, Ленинград қаласына жақын жерде орналасқан. Сол жерде Қабдрахман Дүйсембіұлы «лактацияның атасы» атанған профессор И.А.Барышниковтың жетекшілігімен малдың сүт безінің қызметін тежейтін гормондардың әсерін зерттей бастайды.

Кейіннен Қабекең елге қайтып, Алматыдағы Ғылым акаде-

жесінде 1971 жылы КСРО Мемлекеттік ғылыми-техникалық комитетінің жұлдесін ұтып алды. Сонымен бірге лактация физиологиясының алғашқы зертханасы ашылып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын кеңейтуге мүмкіндік тудырды.

1990 жылы Қ.Дүйсембіұлы ҚазКСР Ғылым академиясы Физиология институтының қызметкерлері институт директоры етіп сайлады. Қабекең Р.А.Гареев және И.Я.Клейнбок секілді профессорлармен бірге алғашқы қазақ ғарышкерлері Т.Әубәкіров пен Т.Мұсабаевтың физиологиялық ғылыми бағдарламаларын жоспарлауға қатысты.

Қ.Дүйсембин Венгрия, Болгария, Италия, Үндістан, Камбоджа, Моңғолия, Пәкістан, Чехия мен Ресейде өткен халықаралық ғылыми конгрестер мен симпозиумдарда баяндама жасап, гипогалактия мен оның алдын алу мәселелерін дүниежүзілік деңгейде талқылады. Ол Коперникус, ҚР-ның ғылыми қоры бойынша жұлделер, көрнекті ғалымдардың арасындағы сайыста мемлекет стипендиясын ұтып алды. Қазір Қабекеңнің шәкірттері Франция, Вьетнам, Ресей,

ҚазҰУ ұстазы бас бәйгені жеңіп алды

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультеті Жылуфизика және техникалық физика кафедрасының аға оқытушысы Қазырет Бердіхан «ASSYL DOMBYRA – 2021» ақындар айтысының бас бәйгесін жеңіп алды.

табиғатына оралып келе жатыр екен. Шыны керек, соңғы жылдары айтыс төңірегінде «ақындар келісіп алады» немесе «шаппа-шап айтыса ал-

Ақпан айында басталған «ASSYL DOMBYRA – 2021» ақындар айтысы белгілі ақын Жүрсін Ерманның 70 жылдық мерейтойына орай өткізілді. Айтыстың басты ерекшелігі – жұптар жеребе тастау арқылы шешілді және ақындар сахнада суырыпсалып, ойламаған жерден тосын ойлар айтып, көрерменді тәнті етті. Барлығы 47 ақын қатысқан жыр додасының финалдық кезеңіне 18 ақын қатысты. Олар: Ринат Зайытов, Мұхтар Ниязов, Аспанбек Шүғатаев, Мейірбек Сұлтанхан, Шалқарбай Ізбасаров, Қанат Мырзахан, Қазырет Бердіхан, Рүстем Қайыртай, Ерлан Аманқожа, Нұрлан Есенқұлов, Бауыржан Ширмедінулы, Шүғайып Сәзімхан, Рауан Қайдаров, Нұрзат Қару, Серік Қуанған, Айбек Жеңісқазин, Жансая Мусина және Нұрмахан Жақыпбеков.

Екі күнге созылған аламан айтыстың жеңімпазы болып университетіміздің белді қызметкері Қазырет Бердіхан танылды. Әріптесіміз осы айтыстың алғашқы айналымында сөзі үшқыр Рауан Қайдаровтан басым түссе, ширек финалда шабытты ақын Шүғайып Сәзімханнан айласын асырды. Жартылай финалда Ринат Зайытовты артта қалдырып, финалда Мұхтар Ниязовтан бір дауыс артық жинап, асыл тастармен көмкерілген домбыраның иегері атанды. ҚазҰУ ұжымы ақын әрі ұстазды мақтан тұтып, кезекті



жеңісімен құттықтайды!

Бұл Қазырет Бердіханның айтыстағы бірінші жеңісі емес. Ол 2016 жылы Қалихан Алтынбаевтың 90 жылдығына арналған республикалық айтыстың бас жүлдегері, 2019 жылы Орал қаласында өткен «Азат күннің ақ таңы» атты республикалық айтыстың 1-орын иегері, 2019 жылы Атырау қаласында өткен «Жыр арқауы – Фарица» атты республикалық айтыстың 3-орын иегері, 2019 жылғы республикалық «Алтын домбыра» айтысының 2-орын иегері және биыл Маңғыстауда өткен республикалық айтыстың 2-орын иегері атанды.

Міне, бүгінде тағы бір белесті бағындырып, кезекті жеңісіне жетті. Осы орайда, ақын «ASSYL DOMBYRA – 2021» айтысы туралы өз ойын білдірді. «Бұл айтыстан бір байқағаным, айтыс өзінің бұрынғы тұма

майды» деген секілді біраз сын-пікірлер айтылып жүргені рас. Осы айтыс сондай бір қаяу-есет сөздерге нүкте қойғандай болды. Өйткені қарсыласыңды жеребе тастау арқылы анықтайсың. Тақырып көп айтылмайды. Жауаптасуға қарап бағалайды. Міне, айтыстың табиғаты осылай болса керек-ті. Бір айтыста алты мықты ақынмен айтысыпшың. Бұл мен үшін үлкен тәжірибе болды», – дейді жеңімпаз ақын.

Біз Қазырет Бердіханға жеңісті де жемісті күндер тілейміз! Халық атынан сөйлеген, қоғамның жүгін арқалаған әрбір айтыскер өзін жұрт алдында жауапты сезінетіні анық. Олай болса біз әрі айтыскер, әрі университетіміздің білікті маманын әлі талай биіктерден көретінімізге сенім артамыз.

Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

ҚР ҰҒА құрметті академигі, Халықаралық ақпараттандыру академиясының және ҚР жоғарғы мектебі ҰҒА толық мүшесі, техника ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ақпараттық жүйелер кафедрасының профессоры Уәлшер Төкеев 75 жасқа толып отыр.

мада жобалаудың әдістемесі негізінде құрылған ҚазҰУ-дағы Univer АЖ бүгінде жаппай қолданысқа енгізілген. Бұл әдістемеге 2013 жылы инновациялық өнертапқыштық патент берілген.

Lecture Notes in Computer Science (Springer) кітаптар топтамасына кіретін және индекстелетін тағы екі мақала басылымға қабылданды. Енді CSE-моделі негізінде түрік тілдерін компью-

ІТ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АКАДЕМИГІ



Уәлшер Әнуарбекұлы 1964 жылы Шу қаласындағы №33 жұмысшы жастар мектебін үздік бітіріп, В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының (бүгінгі Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті) автоматика және есептеу техникасы факультетіне оқуға түсіп, 1969 жылы жоғары оқу орнын «Электрондық есептеуші машиналары» мамандығы бойынша үздік бітірген. Есептеу техникасы кафедрасында ұстаздық қызметке қалдырылған Уәлшер Төкеев 1973-76 жылдары Мәскеу энергетика институтының аспирантурасында білімін шыңдап, 1977 жылы «APL программалау тілін интерпретациялау» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Жас ғалым ҚазПТИ-де ҚР ҰҒА академигі Ә.Әшімов басқарған ғылыми ұжым құрамында пәрменді ғылыми зерттеулермен айналысып, жаңадан ашылған Техникалық кибернетика кафедрасын күшейту мақсатында сол кафедраға ауыстырылды. Сол кезден бастап программалық жабдықтамалар мен нақты уақыт жүйесі деректер қорларын автоматтандырып жобалау бағытындағы ізденістерін бастады. Өндіріспен тығыз байланыста жүргізілген зерттеулері нәтижесінде Технологиялық үдерістерді автоматтандырып басқару жүйелерін жобалау мен өндіріске енгізу мерзімін екі үш есе қысқартатын «АР-МАН» эксперименталды жүйесі құрылып, Зырян қорғасын комбинатында тексеруден өтті.

Еліміз тәуелсіздік алған 1991-93 жылдары ізденімпаз ғалым ҚР ҰҒА жанынан жаңадан құрылған Информатика және басқару проблемалары ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары қызметіне тағайындалады және Программалау инженериясы зертханасының меңгерушісі міндетін қоса атқарып, осы институттың қалыптасуына, оның негізгі ғылыми бағыттарын анықтау және тиісті ғылыми зертханаларды жинақтау жолында көп еңбек сіңірді. «Технологиялық үдерістерді автоматтандырып басқару жүйелерінің деректер қорлары мен программалық кешендерін автоматтандырып жобалау технологияларының модельдерін, әдістерін және құрал-жабдықтарын құру мен зерттеу» тақырыбы бойынша Уәлшер Әнуарбекұлы Францияның Ренн қаласындағы IRIA ғылыми-зерттеу

орталығы мен университетінде ғылыми семинарлар өткізіп, дәрістер оқыды.

Уәлшер Әнуарбекұлы 1994 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға Компьютерлік орталық директоры лауазымына шақырылды. Сол жылдары профессор У.Төкеевтің жетекшілігімен университеттің корпоративтік компьютерлік желісі, университетті басқарудың корпоративтік ақпараттық жүйесі құрылып, ақпараттық технологиялардың жаңа бағыттары бойынша халықаралық жобаларды жүзеге асыру жанданды. 1999-2005 жылдары ғалымның қажырлы ғылыми ізденістерінің арқасында «ҚР Мемлекеттік ғылыми-техникалық ақпарат жүйесін дамыту» бағдарламасы жасалып, ЖОО кітапханалары ғылыми-техникалық әдебиеттерінің біріккен электрондық каталогы интернет-үлгісінің программалық кешені іске қосылды. 2003 жылдан бастап профессор У.Төкеев Ақпараттық жүйелер кафедрасының меңгерушісі қызметін қоса атқарды. Кафедрада Оқу-есептеу орталығын және ММ ҒЗИ-дың Ақпараттық жүйелер зертханасын біріктіретін білім беру-ғылыми-өндірістік кешені құрылып, студенттер мен магистранттардың дайындық деңгейін көтеретін, ғылыми-зерттеу жұмыстарын, оқу үдерісін өндірістік базамен қамтамасыз ететін құрылым қалыптасты.

2009 жылы Уәлшер Әнуарбекұлының шәкірті А.Алтайбекпен бірігіп ұсынған деректер қорларын домдандыру қалыптаты фор-

Ал 2015 жылдан бастап профессор Төкеев басқаратын ғылыми ұжым Аликанте университетінің (Испания) профессоры М.Форкаденің ғылыми тобымен бірігіп, «Apertium платформасы негізінде қазақ тіліне ағылшын, орыс тілдеріне (және керісінше) машиналық тәржімелеудің еркін/ашық жүйесін құру» атты халықаралық жобаны жүзеге асыра бастады. Негізгі мақсат – өндірістен сападағы гибридік біріккен машиналық тәржімелеу жүйесін жасау. Ғалым У.Төкеев ғылыми біліктілігі жоғары мамандар даярлауға да сүбелі үлес қосып, шәкірттерімен ғылыми-зерттеу бағытында өзінің бай тәжірибесімен бөліседі. Оның студенттерге арналған ғылыми еңбектерінің ұзын саны 200-ден асады. Олардың 19-ы Scopus жүйесінде индекстелсе, үшеуі Хириш индексіне ие. Соның ішінде көлемді ғылыми монографиясы мен ондаған оқулықтар және оқу-әдістемелік құралдар бар.

Мерей жасын тойлап отырған ғалымның әлі тұғырдан таймай, соңғы үш жылда 28 ғылыми еңбек жариялағанын, оның 15-і Scopus жүйесінде индекстелгенін айта кетуіміз керек. Қазір ғалымды мазалап жүрген мәселе – түрік тілдері морфологиясында өзі жариялаған жалғаулардың толық жиынына негізделген жаңа есептеу моделі (CSE-model morphology). Оның нәтижесі осы іргелі ғылымдағы бағыттардың қатарын дамытуға мүмкіндік береді. Бүгінде Scopus жүйесінде ғалымның алты мақаласы жарияланып,

терде өңдеу, оқыту және машинамен аудару бағыттарын дамыту жоспарланып отыр. Бұл өз ана тіліміздің өркендеуіне мол үлесін қосады.

Уәлшер Әнуарбекұлының бірқатар шәкірттері ғалымның жолын қуып бүгінде университет қабырғасында ұстаздық етеді, алыс-жақын шетелдерде, республикамыздың ғылыми орталықтарында, АТ департаментінде жемісті еңбек етіп жүрген оқушылары қаншама. Ғалымның жетекшілігімен үш кандидаттық және екі PhD диссертациясы қорғалды. Профессор У.Төкеев 1993 жылдан бері Халықаралық ақпараттандыру академиясының, 2003 жылдан бастап Қазақстан жоғарғы мектебі ҒА толық мүшесі. 2014 жылы ҚР ҰҒА-ның құрметті академигі болып сайланды. Академик У.Төкеев көптеген республикалық және халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардың, сондай-ақ ЮНЕСКО жобалары бойынша өткізілген бірқатар электрондық порталдар мен қашықтан оқытуға арналған жұмыс семинарларын ұйымдастырды.

Уәлшер Әнуарбекұлының қоғам мен халқына сіңірген еңбегі тиісті бағаланған. «Тың жерлерді игергені үшін» медалімен жалынды студент шағында (1966 ж.) марапатталған. Одан кейін 1986 жылы КСРО ЖЖАОББМ «Еңбектегі үздік табыстары үшін» төсбелгісімен, 2001 жылы ерен табыстары мен егемендігінің гүлденуіне қосқан үлесі үшін ҚР БЖҒМ Құрмет грамотасымен, 2003 және 2009 жылдары ҚР БЖҒМ «Қазақстан Республикасы ғылымының дамуына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен, 2005 жылы «Тыңға – 50 жыл» мерекелік медалімен, 2016 жылы «ҚазҰУ-ға сіңірген ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Ол сондай-ақ 2007 және 2017 жылдардағы «ЖОО үздік оқытушысы» грантының иегері.

Жетпіс бес жасын жігіттік жігермен қарсы алып отырған академик Уәлшер Әнуарбекұлы мерейлі тойымен құттықтай отырып, оған ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, жаңа шығармашылық табыстар, отбасына бақыт пен шаттық тілейміз!

Б.ӘБЕНОВ,
аға оқытушы
Д.РАХИМОВА,
PhD
Ақпараттық
жүйелер кафедрасы



Журналистер Тәлімгері

Журналистика факультетінің ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғамдық медиа кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымының докторы, ғалым, профессор м.а. Назгүл Шыңғысова мерейлі 50 жасқа толып отыр. Ол Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 1999 жылдан бастап қызмет етеді.

1995 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетін үздік дипломмен аяқтап, аспирантура бөлімінде 1995-98 жылдары білімін жетілдірді, 1999 жылы «Қазақ теледидары жастар бағдарламасының проблемалары» атты кандидаттық диссертациясын қорғады. Осы жылы факультеттің Телевизиялық журналистика кафедрасында оқытушы болып қызмет атқарды.

2001 жылы іргесі қаланған БАҚ менеджменті және жарнама кафедрасына аға оқытушы ретінде қабылданды. 2002-10 жылдары БАҚ менеджменті және жарнама кафедрасының доценті, 2011 жылдың қыркүйегінен бастап ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасы меңгерушісінің ғылым, инновация, халықаралық қатынастар жөніндегі орынбасары қызметін атқарады әрі РИСО мүшесі. «2011 жылдың жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантының иегері. Назгүл Тұрсынбайқызының 1999 жылы «Қазақ теледидарының жастар бағдарламасы» оқу құралы, 2010 жылы «Өңірлік мерзімді баспасөздің өзекті мәселелері» монографиясы мен «Журналистика социологиясы» оқу құралдары жарық көрді. «Қазақ журналистикасы» үш томдығының авторлары қатарында.

Назгүл Тұрсынбайқызы өзінің ғылым мен білім саласындағы барлық тәжірибесін білімді ұрпақ тәрбиелеуге, студент, магистранттарға сапалы білім беруге, ұлттық рухты жастар бойына қалыптастыруға жұмсап келеді. Қаламы қарымды журналист, бастаған ісін аяқтағанша тынбайтын еңбекқор, жан-жақты білімді, уәдеге берік тұлға. Өнегесі мол, тағылымды туындылары мен рухани құндылықтары бүгінгі қоғамдық ой-сана үшін аса зор маңызға ие.

Осы орайда, мерейтой иесіне өзінің ұзақ жылдар бойы басқарған ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғамдық медиа кафедрасының ұжымы атынан зор денсаулық, отбасына амандық және еңбектерінің жемісін, шәкірттері мен әріптестерінің құрметін ұзағынан көріп, балалары мен немерелерінің мейір-шапағатына бөлене беруіне тілекшіміз!


ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғамдық медиа кафедрасының ұжымы



БАҚ ӨКІЛДЕРІ ЖАҢҒЫРҒАН ҚАЛАШЫҚПЕН ТАНЫСТЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Қансейітұлы Түймебаев білім ордасындағы жаңалықтармен танысуға арнайы келген бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне университетте жүріп жатқан құрылыстарды көрсетті. Журналистер жаңарған оқу корпустары мен жатақханаларда болып, оң өзгерістерге куә болды.

Суреттерді түсірген Марат ЖҮНІСБЕКОВ



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің
Басқарма Төрағасы - Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Имидждік саясат және қоғаммен байланыс
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Кәмила ДҮЙСЕН,
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ

Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 3-қабат, №302, 304 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орта-
лығында теріліп, беттелді. «Қазақ
университеті» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.